

ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдебиеттанымдық журнал

№ 5 (30)

Мамыр 2014



Болат
БАЙҚАДАМОВ:
«ІСКЕРЛІГІ
ТАЛАЙҒА ҮЛГІ»

10-БЕТ

Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВ:
«ОЙ БИГІНДЕГІ
АЗАМАТ»

16-БЕТ

Бақытқожа РҮСТЕМОВ –

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ПУБЛИЦИСТИКАНЫҢ КЛАССИГІ

ЕУРАЗИЯНЫҢ БАЙЫРҒЫ ЖӘНЕ ШАҒЫН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӘЛЕМІ: ӨТКЕНІ, БҮГІНІ, ЕРТЕҢІ.

Өзге халықтардың тілі мен рухы үшін жақтаспасақ, өгіл мемлекет бола алмаймыз!

Б. Ельцин,

Ресейдің тұңғыш президенті.

Бақытқожа РҮСТЕМОВ

Адамзат тарихы – бұл үздіксіз әрі өзара байланысты процесс. Бәрі тиісті нәрселерді әлем халықтары, оның ішінде байырғы және шағын (диаспора) халықтары мәдениеттерінің қазынасына береді. Бұл тұрғыдан алғанда, қазіргі өркениет үшін БҰҰ-ның еңбегі зор. Бұл сияқты маңызды оқиғаға байырғы және шағын халықтар ғана емес, сондай-ақ, мемлекетті құрайтын ұлттар да риза болулары тиіс.

Бүгінгі таңда күллі әлемдегі байырғы халықтар саны 370 млн адам екен, олар 70-тен аса елдерді мекендейді, бұл дегеніміз әлем халықтарының 5%-ын құрайды екен. Алайда, олардың үлесіне халықтың кедей тобының 15%-ы енеді. Еуразия аумағын мекендейтін байырғы халықтар саны 500 мыңнан аса адам немесе халықтың 0,3%-ы, бұл көңілді көншітпейтін жалпы әлемдік тенденцияны растайды. Байырғы шағын халықтардың бірыңғай тізіміне Ресей Федерациясы, Украина, Кавказдың 47 халқы енген. Олардың көпшілігі, 40-тан аса байырғы халық Қиыр Солтүстікте, Сібір мен Қиыр Шығыста қоныс тепкен екен.

Мінеки, небәрі бірнеше мысал келтірейін. Абазиндер – көбіне Қарашай-Черкесті мекендейді, саны 30 мыңнан аса адамды құрайды. Нагайбақтар – саны шамамен 10 мыңға жуықтайтын татарлардың этнографиялық тобы негізінен Челябинск облысының Нагайбақ және Чебаркуль аудандарында қоныс тепкен. Вепстер – Карелия, Вологод және Ленинград облыстарына қоныстанған саны аз (шамамен 7000 мың адам) финн-угор халқы. Шапсугтер шамамен 4 мың адам, олар тарихи Шапсугияның аумағы болып табылатын Краснодар өлкесінің Туапсин ауданы мен Сочи (Лазаревск ауданы), сондай-ақ Адыгейде тұрақтаған.

Жеке халықтар саны тіпті, қиын жағдайда: кет, нганасан, саам, юкагирлер саны 2000-нан да аз; алеут, негидальц, орочи, тофалар, челканец, чулымецтер саны 1000-нан аз; таз, ульт, энцтер 500-ге жетпейді. Ленинград облысында 300-ден сәл-пәл асатын ижорцтер мен водь халқының 100-ге жуық ұрпағы бар. Псков облысында 200-ге жетпейтін сету бар екен. Ал, бүкіл Жер бетіндегі керектер небәрі 4-ақ адам екен!

БҰҰ-ның Бас хатшысы Кофи Аннан 2005 жылы өз жолдауында байырғы халықтармен жасалатын ынтымақтастықты жаппай кеңейтуге және оларға ұзақ уақыт бойы тиісті деңгейде берілмей келген адам құқығына құрмет көрсете отырып, олардың бейбіт және қауіпсіз жағдайларда дамуына мүмкіндік беру үшін бірлесе жұмыс істеуге шақырды.

Сіздер сияқты мені де байырғы және шағын халықтардың мәселелері толғандырады. Егер де біз оларға ықыласпен қарамасақ, егер де біз олардың өзіміз сияқты дамуға деген құлшыныстарын елемесек, олардың жер бетінен жоғалып кету кінәсі, Құдайдың алдындағы, ар-ұят алдындағы жауапкершілік қазіргі әлемдік қауымдастықтың мойнына жүктеледі. БҰҰ осы бір мұрағаттағы істің бастамашысы болғандықтан, аталмыш беделді халықаралық ұйым осы халықтардың рухани, мәдени, тарихи және әлеуметтік әлеуетін жаңарту және қалпына келтіру бойынша нақты оң істерді бастама етіп көтерсе, байырғы және шағын халықтар, тіпті, барынша мақұлдар еді. Ұлы ұлттар мен халықтар байырғы және шағын халықтарды жасанды жолмен сіндіріп алатыны баршамызға аян. Бірақ, бұны реттеуге болады және бұл реттелуге тиіс. Егер де әлемдік қауымдастық өзін жер бетіндегі өркениетті қауымдастық деп есептесе, ассимиляция мен сіндіруге тосқауыл қою керек.

Байырғы және шағын халықтардың мәдениеті жоғалып кетпес үшін жаңалық керек. Ал, бұл істі қаржы ресурстары бар ұйым ғана, яғни өз болашағы қымбат болса, билік қана қолға алуы тиіс. Ұлттық салт-дәстүрден, түп-тамырдан қол үзу және ата-баба қалдырған мұраны елемей, адамды ұлт пен мемлекет тұрақтылығының кепілі, болашақтың мақтанышы мен тірегі болған өткенінен айырады. Түп-тамырын

жоғалтқан халық өзге ықпалы зор халықтар мен мемлекеттердің ұсақ тиынына айналады. Мемлекеттік құрылымы жоқ ұлттар мен халықтар қазір аз ба? Бір кездері олар ірі халық және мемлекет болатын. Өркениет дамуындағы, әлемдегі оқиғалардың барысына ықпалын тигізді. Мысалы, ұйғырлар (ұйғырлардың ежелгі мемлекеті болатын), ноғайлар (Алтын орда), күрдтер, қырым татарлары (Қырым хандығы), Иран әзірбайжандары және басқалары. Ала ауыздық пен бытыраңқылық, ауыз біршіліктің болмауы Америка индейцтерін қайғылы оқиғаларға әкелді. Олар жерлерінен, мәдениеттерінен, салт-дәстүрінен айырылды. Өйткені олар өз құндылықтарын спирт пен нашақорлыққа алмастырды. Табысты әрі қуатты елдердің уақыт өте келе құлдырайтыны және керісінше болатыны дәлелденген.

Егер де мұндай оқиға қандай да бір нақты мезгілде, ғасырда, мыңжылдықта орын алса, бұл үшін жоғалған халықтардың замандастары жауапты деп ойлаймын. Ал, бұл дегеніміз адамзат үшін Құдайдың және өскелең ұрпақтың алдындағы нағыз сынақ емес пе?! Уақыт пен Жаратушы біздің санамызды, сезімімізді, адамилығымызды, бір-бірімізге деген қарым-қатынастағы игілігімізді сынайды. Сонда біз, адамдар жасампаз емес, жыртқыштар табиғаты тәрізді замандастарымыздың жойылуын бақылау керекпіз бе?! Естелік мәңгі қалады. Артымыздағы ұрпаққа біз не қалдырамыз: жағымды істерімізді ме, әлде ойрандалған рухымызды ма, ұлттар мен халықтардың дамуын ба, әлде өзіміз сияқтыларды селқос жоюды ма?

Бір адамның қайтыс болуы – бұл трагедия. Ал, ондаған, жүздеген адамдар қазаға ұшыраса, өкінішке қарай, бұл әлемдегі рақымсыз әрі мейірімсіз статистика. Отбасымызда жақын адамымыздан айырылғандағы жағдайымыздың қандай болатынын түсіндірудің керегі жоқ шығар. Ал, мұнда жер бетінен Құдайдың берген халқы баяу жоғалып барады, тағы бір тіл, мәдениет, тарих жойылып барады. Жер бетіндегі ұрпақтар сабақтастығы үзіліп барады. Біздің дәуірімізге жеткен бірегей мәдениеттер мен ежелгі жазба туындылары аз емес, ал оларды біз оқи да алмаймыз, мәнін ашып түсіне де алмаймыз. Бұның бәріне адамдардың жер бетінде бір-бірімен бейқам, кейде қатал қарым-қатынаста болуы әсер етті. Бәлкім, осылайша біз өте сирек өсиет сөздерді, алда болатын табиғи және стихиялық катаклизмдерден қорғайтын ата-бабаларымыздың ескертулерін жоғалтып алған шығармыз. Ғалымдардың берген мәліметтері бойынша, жер бетіндегі біздің әлеміміз төртінші өркениетті басынан өткеріп жатыр екен. Алдыңғы өркениеттер қалай жойылды немесе жоғалды деген сұраққа біздің болжамымыз ғана бар. Байланыстың үзілу салдарынан әр өркениет басынан бастайды. Нәтижесінде бір рет түскен орнына екінше рет барып, қайта түсіп

жатыр. Соның салдарынан адамзат бір жерде төртінші рет тапталып тұр.

Жиырма екі жыл бұрын тағдыр Ресей империясының (КСРО) шеткі, байырғы халықтарына ғасырлар бойы армандаған бостандықты берді. Оның ішінде, менің қазақ халқым да бар. Осы жерде тақырыптан сәл-пәл ауытқығым келіп тұр. Әлдебіреу «Менің халқым» деген кезде айналадағылар, оның ішінде менің отандастарым бұны әртүрлі мағынада түсінеді. Меніңше, бұл сөздерді кім айтады соған байланысты деп ойлаймын. Оның өлшемі лауазым немесе материалдық байлық емес. Мұндағы өлшеуіш рухани байлық, сенің өмірлік сенімің, халықтың игілігі үшін, халықтар достастығының игілігі үшін жасалатын сенің нақты істерің және оң іс-әрекеттерің болып табылады. Бұлай айту үшін осы сөздердің мәні мен мағынасын жете түсінесің бе, сол жағын ойлау керек. Адамдар үшін өзінді құрбан етуге дайынсың ба? Өз халқын сүйетін адам жер бетіндегілердің бәрін сүйеді.

Әр адам өз орнында отырып, өзінің қоғамы үшін қандай да бір пайдалы іс жасай алады, мысалы, етікші, дәрігер, діншіл адам немесе діншіл емес адам, аула сыпырушы немесе ақын, жұмысшы немесе саясаткер. Бірінші кезекте, адамның қоғамдағы орны қандай екеніне қарамастан, оның бойында адалдық, әділдік, тәртіп, адал ниеттілік, заңға бағынушылық, халықтың игілігі үшін өзін құрбан етуге дайын болу сияқты қасиеттер талап етіледі. Мінеки, шынайы, нағыз патриотизм дегеніміз осы. Осындай тұлғаларды «өз халқының, өз атамекенінің ұлы немесе қызы» деп айтуға болады. Адам «менің халқым» деп сөз бастаған кезде, оның қоғамның заңды мүшесі, үлкен отбасының мүшесі екендігін білдіреді, өкінішке орай, ондағы бір балалар «өзі туралы ғана» ойласса, енді біреулері ең алдымен, халқын, оның мәселелерін ойлайды. Мемлекет – бұл жекеден бөлек, жалпы мүдделері бар, елемей қалуға болмайтын қоғам мен мемлекеттің мүдделері бар үлкен отбасы. Егер де жеке өміріме мынау менің отбасым десем, адал әрі риясыз қоғамдық немесе мемлекеттік қызметіме неге «Менің халқым!» деп айта алмаймын?!

Айта бер, онда тұрған не бар! Өз халқыңның заңдарын, моральдық ғұрыптары мен құндылықтарын елеп-ескеріп, бұзбасаң болғаны. Сен «Мен өз халқымның перзентімін!», «Мен өз жерімнің ұлымын!», «Мен өз Отанымның перзентімін!», «Мен өз халқымды сүйемін, менің халқым!» және т.б. деп айтуға құқылысың, моральдық тұрғыдан құқылысың. Егер де бар жан-тәніңді халқыңа арнап, өз халқыңның игілігі үшін ауыртпалық пен мұқтаждықты ойлап қамықпасаң, шынайы сезімің мен халқыңа деген сүйіспеншілікті «Менің халқым!» деген сөздермен білдіре алмасаң, адам өмірінің мәні мен мағынасы неде?

Өмірдің өзі көрсеткендей, осы іспеттес нағыз әрі лайықты тұлғалардың пікірлері желікпесі бар, өзін «жердің әміршісі» санайтын, десе де халықтың әл-ауқатын жақсарту үшін саусағын да қозғалтпайтындарға ұнамайды. Әдемі сөйлейді, ал нақты тындырған ісі жоқ. Сөйлегенде басқа да, іске келгенде мүлдем басқа. Халық осының бәрін көріп отыр ғой. Кімнің кім екенін де біледі. Нағыз патриоттар «Халқым» демес бұрын өздері жасаған істі айналасындағылардың, сондай-ақ қоғамдағы орнына немесе байлығына рақаттанғаннан басқа ештеңені қажет етпейтіндердің жасаған істерімен салыстырады. Халық шынайы өмірде қарапайым әрі адал адамдарды құрметтеп, ізет тұтады. Халық оларға сүйсіне қарайды, оларды мақтан тұтады.

Бірде танымал ресей жазушысы қоғамда әртүрлі «сүйікті адамдар» болады деп көрсетті. «Биліктің сүйіктілері мен халықтың сүйіктілері. Биліктің сүйіктілері жақсы өмір сүреді. Болмысының өрескелдігін, айналасындағыларға жалған айтатынын сол «қайраткерлердің» өзі де, халық та біледі. Ең сорақысы, олар сәбилері мен жастардың алдында көрсететін екі жүзділігінен қымсынбайды. Еліміздегі шығармашылық интеллигенцияның осындай өкілдері тұлға деградациясының қайнар бастауында тұр. Мемлекеттік идеологиясы бар елдерде мұндай жағымсыз мінез-құлықты мемлекет те, халық та айыптайды. Әділдік сезімі күшті әрі ар-ұяты бар өскелең жастар мүмкіндік туа қалған жағдайда олардың бетпердесін шешеді. Екі жүзділік, жалған куәлік ету қоғамды да, мемлекетті де тығырыққа апарып тірейді. Өз ісінің әділетсіз екенін түсіне отырып, өзінің меркантилистік тұрғыдан өмір сүруі үшін айналасындағыларын, әсіресе, жастарды қасақана адастыру қоғамдық әл-ауқаттың таза аурасын бұзады. Отанға деген сүйіспеншілік өшеді, өз жеріне, өз халқына деген патриотизм сезімі түп-тамырымен жойылады. Ерте ме, кеш пе қоғам мұндай адамдардың жазасын береді. Іс-түссіз қалатын ештеңе жоқ. Бір жаманы, аға ұрпақтың күнәлары үшін өскелең ұрпақтың жауап беруіне тура келеді. Әрбір ересек адам, оның үстіне қоғамда ықпалды орны болса, өзінің үлгі болатынын естен шығармауы және осыны түсінуі тиіс».

Сан ғасырлар бойы қарапайым, сенгіш, жылы шырайлы, шынайы әрі қонақжай, ақ жарқын әрі рақымды қазақ халқы үнемі ірі көршілерінің «қыспағында» болып, «тырп етпей» келді. Посткеңестік кеңістіктегі өзге де халықтарды айтып отырмын. Қазіргі таңда кез келген мемлекетте халық пен Отан өз халқы мен өз мемлекетінің тағдырын шешетіндерге үлкен жауапкершілік жүктеп отыр. Бұл жерде сөз мемлекеттік органдарда жұмыс істейтіндер немесе қоғам қайраткерлері туралы ғана емес, сондай-ақ жеке дара нақты іс атқарып жүрген, халқының арманына қолдау көрсетуде эмоциясын білдіріп жүргендер және қарапайым қатардағы отандастарының мүдделері үшін қамығып жүргендер туралы болып отыр. Олар жер жүзіндегі басқа да адамдар мен халықтарға тілектестігін білдіреді.

Бір заманда алпауыт империядан еншісін алып шыққан жаңа құрылған мемлекет қалай дамиды, қолжеткізген тәуелсіздігі мен егемендігін сақтай ала ма – оны уақыт көрсетеді. Әлбетте, негізінен бұның бәрі халық өз тағдырын сеніп тапсырған мемлекеттің жігерлі басшыларына байланысты. Ол үшін баршамыз, қатардағы азаматтан бастап, мемлекеттің беткеуістарына дейін мәдени және рухани құндылықтарға назар аударуымыз қажет. Сондай-ақ, күнделікті және әскери істер жасалатын «Идея» болуы тиіс. Саналы мемлекеттік басқаруда нағыз Идеяның болуы халық пен билікті нығайта түседі. Жоғары моральдық және рухани қағидаттардың болмауы – жауапсыздық, оның салдарынан қоғам мен мемлекет ыдырайды. Іштей күйреп жатқанды, өздігінен бытырауды дұшпандар дереу пайдаланып кетері сөзсіз.

Жер бетіндегі адамдардың өмірі – бұрқырауға немесе беймаза ағып жатуға мүмкіндігі бар әлемдік мұхиттың толқындары іспеттес. Міне, жиырма жылдан аса уақыт бойы посткеңестік кеңістіктегі адамдардың кей бөлігі Лев Гумилевтің сөзімен айтқанда, обскуранттық фазада өмір сүріп келеді. Десе де, өмірдің өзі мен уақыт ағымымен пассионарлық деңгейі өте жоғары тұлғаларды сыйлайтын кез әлі келеді. Өз заманындағы осындай адамдардың ішінде Жанна д'Арк, Ян Гус және басқалары бар. Пассионарлық кез келген істе және бағытта бола алады. Бүгінде аға мен орта буын ғана емес, жастар да брейкдаунде.

Бізде, Қазақстанда және түркі әлемінде, тіпті күллі адамзат атаулының арасында тұлға бола білудің үлгісі, ақындардың үлгісі және ойшылдардың үлгісі Мұхтар Шаханов екеніне көзім жетті және еш шүбәм жоқ. Менің пікіріммен миллиондаған отандастарым, елімізден жырақта жүрген тағы миллион адамдар келіседі деп ойлаймын. Халқына арнаған қиын-қыстау өмірі мен нағыз азаматтық ұстанымы бар адам қандай болуы тиіс екенін дәлелдеді, әлі де дәлелдеп келеді. Халқының перзенті, адамзаттың баласы қандай болуы тиіс? Оның еңбектерімен және миллиондаған адамдардың көз алдында өтіп жатқан оның жеке өмірімен танысып шыққандар осындай қорытындыға келетініне сенімдімін. Әртүрлі қозғалыстар, бірлестіктер мен партиялардың қолынан келмеген дүниені ол жалғыз өзі жасап келеді. Шахановтың өмірі өз халқына, барша жер басып жүргендерге деген риясыз сүйіспеншіліктің айқын үлгісі болып табылады. Ол жер жаһандағылардың бәріне емес, сондай-ақ ғасырлар бойы қатты тұншығып, қырылып келген, еріксіз болып, қорланып келген халқына бақыт пен береке тілеген патриот-интернационалист. Ол өз халқын сүйетін, ол үшін жанын қиюға дайын, отандастарына ғана емес, жер бетіндегілердің бәріне бақыт пен амандық тілейтін әрбір адам үшін үлгі болмақ. Шаханов сияқты тұлғалар адамзаттың дені сау бөлігінің өкілдері болып табылады. Мұндай тұлғалар әрбір үлкен және шағын халықтардың ішінде бар.

Мен өзімнің қазіргі әлемді түсінуімді және өз пікірімді пікірлермен тоғыстыру үшін көпшіліктің арасына тастап отырмын. Біз өзіміз бастау алған қайнар көзге оралуға тиіспіз. Екі жүз жыл бұрын патшалық Ресейдің шетіндегі байырғы халықтар, яғни казак, башқұрт, татарлар орыс әскерінің Наполеонға қарсы жауынгерлік іс-әрекеттеріне белсене қатысқан. Түркілердің алдыңғы отряды мен олардың атты әскерлері алғаш болып Парижге кірген. Не болмаса өткен ғасырды алып көрейік. Адамзат өзі біріккен кезде бүкіл әлемді құлдыққа салғысы келген фашизмнің күл-талқанын шығарғанын ешқашан есінен шығармайды.

Тіпті, алысқа бармай-ақ қоялық. Мысалы, украиндықтар, казактар, грузиндер, армяндар, әзірбайжандар, өзбектер, түркімендер, тәжіктер, қырғыздар, молдовандар, балтық жағалауындағылар және басқа да халықтар, оның ішінде бұрынғы КСРО-ның байырғы халықтары да бар, осы халықтарға жеке халық және ұлт ретінде жер бетінен жойылу қаупі төніп тұрды. Өйткені, ыдырауға бір жыл қалған кезде бұл мемлекеттің төлқұжаттарындағы «ұлты» деген бағанаға кеңестік адам деп жазу жоспарланып қойған еді. Сол жылдардағы Қазақстандағы казактар саны небәрі 21% болатын. Ал егер КСРО мемлекеті құламаса, қазір жер бетіндегі казактар 5-7 пайыз, тіпті одан да аз қалар еді. Ал автономды немесе округтік құрылымы жоқ шағын халықтардың күні не болар еді? Егер бар зейінмен қарап, КСРО-ның құлдырауын сараласақ, көптеген адамдар бұл бастама Борис Ельцинге тиесілі деп санайды. Десек те, Ом қаласындағы украиндық Алексей Казанник оған КСРО Жоғары Кеңесі мүшесіндегі өз орнын ұсынбаса, Ельцин Ельцин болмас еді, кеңес мемлекетін ыдыратушы болмас еді. Бір адамның қарапайым, бірақ мәні жағынан алғанда керемет саналы қадамы әлемді өзгертті. Қазіргі таңда осындай батыл әрекет жасаған қаһарманды замандастары, «сыйға алған тәуелсіздік пен егемендіктің» игілігін көріп жатқандар ұмытты. Уақыт бәрін өз орнына қояды. Ризашылығын білдірген ұрпақ шеттегі халықтардың өзін-өзін анықтауы үшін қолдан келгеннің бәрін жасауға тырысып баққандарды есінде сақтап, құрмет тұтады. Жақындарына үстемдік етпей, тең құқылы жағдайда қарым-қатынас жасап өмір сүр еді.

Сондықтан да, КСРО-ның бұрынғы барлық декларативті республикалары өз тәуелсіздіктері үшін аты аталған тарихи тұлғаларға міндетті. Осы республикалар, қазіргі таңда тәуелсіз мемлекет болып отырғандар Алексей Казанник пен Борис Ельциннің батылдығын қаншалықты бағалап отыр? Алдымен патшалық Ресейдің, кейінірек КСРО құрамында болған кейбір халықтар үшін бостандық, тәуелсіздік және егемендіктің таңы ататын күннің туатыны үш ұйықтаса да түсіне кірмеген. Патшалық Ресей мен бұрынғы КСРО-ның байырғы және шағын халықтары қаншама қайғы-азап, аш-жалаңаштық, әділетсіздік пен репрессияларды басынан өткергені қазіргі тәуелсіз және тәуелді мемлекеттердің жаңадан жазылған тарихынан ғана белгілі болды.

Ельцинге оралғым келіп тұр, ол Кеңестер елінің саяси сахнасына алғаш шыққан кездерінде кең пейілді кеңестік кеңестіктің ерекше тұлғаларына «жаңа жағымды идеялар» бергенін атап өткім келеді. Мысалы, аймақтық депутаттар тобының кезекті жиналысында сөз сөйлеген Борис Ельцин әр республиканың байырғы халықтарына мемлекеттік тіл мәртебесін беру қажеттілігі туралы мәселені көтерді. Қырым татарлары, немістер, түрік-месхетин тағдырларына алаңдап, одақтас республикалардың мәселелеріне уайымдайтын. Оны осындай жалпыхалықтық ізгілендіру жолына табандылықпен итермелеген Қазақстан депутаты Мұхтар Шаханов пен есімі әлемге әйгілі ғалым, КСРО Жоғары Кеңесінің депутаты Андрей Сахаров болатын. Осылайша, тығырыққа тірелген шағын халықтардың тілдері мен КСРО-дағы олардың ұлттық мәдениеттерінің дамуы Ельциннің қолдауына ие болды. Кейінірек Ельцин Мұхтар Шаханов өзінің жақсы танысы екенін айтқан еді. Сол Шахановтың шағын халықтардың тілі, мәдени құндылықтары туралы пікірі мен осы саладағы қателіктер мен кемшіліктерді жою жөніндегі ұсынысы шағын халықтар туралы бұрынғы түсінігін өзгертуге қатты түрткі болғанын айтты. Президент болған алғашқы жылдары Ельцин «Өзге халықтардың тілі мен рухы үшін жақтаспасақ, әділ мемлекет бола алмаймыз!» деген болатын. Өкінішке орай, бірнеше жыл өткен соң ұшқалақ, қызба мінезді және құмартқыш әрі жігерлі Ельцин Ресей саясаты мен билігіне келген өз идеялары мен құндылықтарынан бас тарта бастады. Кез келген пенде сияқты оның да мемлекет басқаруда жағымды әрі жағымсыз тұстары болды. Бірақ, қалай болған күннің өзінде ол белгілі бір уақыт бөлігіндегі көрнекті тұлға болып табылады. Бұл уақытты тұтас бір қайта өрлеу дәуірімен, Ресейдің шеттегі халықтарының патшалық боданнан босап, тәуелсіз мемлекет ретінде қайта тууымен салыстыруға болады. Ельцин өз бойына бағылдықты, кез келген адамның қолынан келе бермейтін, айналасына пікірлестерін шоғырландырып, айқындылықты жинай білген ерекше тұлға.

Аға буын үшін КСРО құлдыраған кездегі алғашқы жылдар күйзеліс жылдары болды, ал орта буын үшін ондаған жылдар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келгеннің бәрі жоғалғандықтан, барлық үміт үзілген әрі шарасыздық орын алған жыл болды. Еліміздің миллиондаған адамдары секілді мен де заңға бағынатынымын, соңғы жиырма жылда да, коммунистердің заманында да адал өмір сүрдім. Әрдайым барды қанағат етіп, қолда барды бағалап отырдым. Мен үш ең басты байлық – еліміздің амандығы мен халқымыздың амандығы болатын. Жеке мүддеме қарағанда қоғамның, елдің мүдделері маңыздырақ еді. Мен ешкімді айыптамаймын, ешкімге кінә артпаймын, бұл менің өмірім. Бұл өмірде қуаныш та, қайғы да болды. Менің өмірімде, тағдырымда қайғы көбірек орын алды. Бірақ, сонда да өміріме ризамын. Экономист ретінде қазіргідей табиғи және адам ресурста-

ры бар біз, қазақстандықтар қатарлықтардан, әмірліктердегіден, кувейттер мен өзгелерден де жақсы өмір сүруге тиіспіз деп айта аламын.

Қазіргі жиырма жастағы бозбалаға мұның бәрі аңыз-әңгіме мен әфсана сияқты. Адами фактор немесе тұлға тарихымызда көптеген мейірімді істер жасай алады және керісінше. Бір кездері бұрынғы күдіретті кеңестік мемлекеттің шеттегі барлық республикалары өз тәуелсіздігін Андрей Сахаров, Алексей Казанник, Борис Ельцин, Мұхтар Шаханов және адамзат баласының басқа да керемет тұлғаларының арқасында алды. Жер бетіндегі өркениеттің дамуында олардың есімдері алтын әріптермен жазылған. Оларға арналып ескерткіштер мен бюсттер орнатылуы тиіс, қаһармандық әрекеттері туралы мәңгі есте қалу үшін олардың есімдері жаңа мемлекеттердің көшелері мен қалаларына берілу керек болатын. Бүгінгі таңда поэзиясы әлемдік поэзияның асыл қазынасынан лайықты орын алған қазақ халқының көрнекті ұлы, Ресейдің тұңғыш президентінің замандасы әрі КСРО Жоғары кеңесінде депутаттық бойынша әріптесі Мұхтар Шаханов Борис Ельцин азаматтық ұстанымы үшін және шағын халықтардың тілі мен рухани құндылықтарын сақтаудағы демократиялылығы үшін айрықша құрметке ие деп көрсетті. Осындай ізгі және игілікті естелік ғасырлар бойы миллиондаған адамдардың жүрегі мен саналарында мәңгі қалады. Шаханов керемет еліміздің санаулы жарқын шығармашылық тұлғаларының бірі, қазақ мәдениетін әлемдік мәдениеттің бір бөлігі ретінде мойындатып, әлемдік деңгейге лайықты түрде таныстырғандардың бірі.

Біздің Қазақстанда диаспоралардың мәдениеттері мен дәстүрлерін жаңарту ісінде оларға мән беріледі. Оларды дамыту үшін мемлекеттік бюджеттен қаржы бөлінеді. Ұлттық театрлар, музыкалық, фольклорлық ұжымдар бар. Ұлттық жалпы білім беру және жексенбі күнгі мектептер бар. Олардың ана тілінде газеттер мен журналдар шығарылады. Дінді тұтыну мәселесі де қоғамда ешқандай қиындық тудырмайды. Қазақстанда дамытудың ортақ міндетіне жауап беретін ұлттық мәдениеттерді жақындастыру бойынша үлкен жұмыс жасалап жатыр, осы жағынан келгенде тәуелсіз елдің бірлескен халқы өзінің қорғаныс қабілетін нығайту, тәуелсіздік алғаннан кейін келген құндылықтарды қорғау үшін қолдан келгеннің бәрін жасап, жалпы адамзаттың жалпы әлемдік процесте дамуына белсенді түрде атсалысып келеді.

Еуразия халықтары, посткеңестік кеңістіктегі елбасылар өз мемлекеттерінің өсіп-өркендеуі үшін, бүгінгі қолдау көрсеткен әрі игі істері шағын және байырғы халықтардың тілі мен басқа да рухани құндылықтарын жаңғыртудың керемет үлгісі болып қалу үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды деген үміттемін. Мен болашақ Еуразия кеңістігінің жарқын болашағына сенемін. Еуразия кеңістігінде ғана емес, Украина әлемдік достастықта демократиялық жолмен дамып келе жатқан озық әрі үдемелі мемлекеттердің бірі ретінде лайықты орынға ие болады деп

ойлаймын. Көрнекті басқарушы пайда болған жерде даму болатындығын адамзат тарихы бірнеше рет дәлелдеп көрсетті. Егер де оның ізін жалғастырушы сәтсіздікке ұшыраған адам болса, қолда бардың бәрі лезде құлдырайды.

Біздің, еуразиялықтардың тарихымыз ортақ өкінішке орай, көбі өздерінің өткендерін, аттары аңызға айналған ата-бабаларының өмір жолдарын біле бермейді, еуразияның басқа да халықтарымен қатар украиндықтар да Шыңғыс ханның ұрпағы екені мәлім және оның негіздемелері де бар. Өйткені, моңғолдар Украинаны да басып өткен. Орысты қазбалай берсең, татар шығады деген халық мәтелін украиндықтарға да қатысты айтса болады: егер оның арғы тегін қазбалай берсең, татарды ғана емес, тіпті, қыпшақты да тауып аласың. Сондықтан да, рух пен жүректің туыстығын түсінетіндерге ұрпағына бүгінгі кешіп отырған ғұмырымызды қалдыру үшін ата-бабаларымыздың қандай жолмен жүріп өткенін дәлелдеудің қажеті жоқ. Өткенімізді бағалай аламыз ба, не болмаса көзі ілініп кетіп, түсінде қазынасы мол әрі шұрайлы еуразия жерін көріп отырғандардың алдында әр адам кеудемсоқтылығымен жеңіліс жағдайына душар бола ма, оны уақыт көрсетеді. Өйткені, бәрі біздің бір-бірімізге деген қарым-қатынасымызға байланысты болмақ.

Посткеңестік кеңістіктегі халықтар арасында жанжал және бөлектену болмас үшін қазіргі таңда өскелең ұрпаққа бүгінгі күнімізге қандай қайсарлықпен жеткенімізді, жерде жорғалап жүретін екінші санаттағы адамдардың қатарына жатқызуды қалаған сыртқы күштерге қалай батыл төтеп бергенімізді айта жүру керек. Егер де негізгі идеямыз – халықтардың арасындағы достық пен ынтымақтастық идеясын елемей, қолдан жіберіп алсақ, ертең бізді кедейшілікте өмірін текке өткізіп жүрген халықтардың тағдыры күтіп тұр. Десе де, оларға Құдай сарқылмайтын табиғи байлық берген, егер олар қолдағы ресурстарын сақтап қалу және саналы пайдалану керектігін даналықпен түйсінетін болса, сан жылдар бойы өздерін қамтамасыз еткен болар еді. Өз халқы үшін, өзінің қорғаушылары үшін жағдай жасамайтын билік бөтен әскерді асырайды.

Қазіргі кез келген мемлекет ешқандай кеудемсоқтықсыз әділ жолмен дамыған жағдайда, халық пен адамның жақсы өмір сүру құқықтары бұзылмаса, тең серіктестік жағдайда құқықтық мемлекеттің дамуына артықшылық берілсе, болашақта әлем жақсы жаққа қарай өзгереді. Ізгілік әлі-ақ салтанат құратынына сенімдімін. Әлем мейірімділік, адалдық, адал адамдардың риясыз әрекеттерінің арқасында әлем болып келе жатқанына сенімдімін. Мұндай қасиеттер саясаткерлердің де, олигархтардың да, қатардағы азаматтардың да арасында бар. Сондай-ақ, әлем жер үшін тәубе етіп, дұға етіп келе жатқандардың арқасында тұр. Әр адам мен қоғам өзіне бұйырғанын алады.

Еуразия деген ортақ үйімізде бейбітшілік жасасын.